

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ  
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ  
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ  
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И  
КРИМИНАЛИСТИКИ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТУДЕНТТІК КЛУБИ  
АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ КЛУБ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»**  
*атты жосары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы республикалық  
студенттердің және жас ғалымдардың форумының*  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**25 сәуір 2013 жыл**

**II Шығарылым**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Ежегодного Республиканского форума студентов и молодых ученых*  
**«КОРРУПЦИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:  
ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

**25 апреля 2013 года**

**II Выпуск**

**Алматы қаласы**

**город Алматы**

*Проведение ежегодного республиканского форума студентов и молодых ученых и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»*

**Ответственный редактор**

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

**Члены редколлегии:**

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

К\_\_ **Коррупция** в Республике Казахстан: проблемы и пути решения: материалы ежегодного респ. форума студ. и молод. ученых. 26 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 149 с.

**ISBN**

В сборнике представлены научные доклады участников Ежегодного Республиканского форума студентов и молодых ученых «Коррупция в Республике Казахстан: проблемы и пути решения», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и Антикоррупционным студенческим клубом на базе кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы борьбы с коррупцией, применения современных технологий, вопросы имплементации норм международного права и т.д.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами борьбы с коррупцией в Республике Казахстан.

**УДК  
ББК**

ISBN

© КазНУ им. аль-Фараби, 2013

**Серікқалиқызы А.,**  
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**заң факультетінің 3 курс студенті**

*Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ОРГАНДАРЫ**

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және олардың жасалуына айыпты адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметтері, қаржы полициясы мен әскери полиция органдары жүзеге асырады.

Егеменді Қазақстанда нарықтық қатынастың өркендеуі кеңінен тараған кезеңде салықтық заңдарының бұзылуы, бюджетке бөлінетін салықтар және басқа да төлемдерді төлеуден жалтару, басқа да экономика және қаржы саласындағы заң бұзушылық көріністермен күрес мамандандырылған құқық қорғау органын құруды талап етті. Осы мәселені шешу үшін 1994 жылы 6 маусымда салық милициясы (кейіннен салық полициясы) құрылды. Осыдан бастап, Қазақстан Республикасының қаржы полициясы дүниеге келді.

2002 жылдың маусымында қабылданған «Қаржы полициясы органдары туралы» Заңымен арнайы мемлекеттік құқық қорғау органы ретінде қаржы полициясының мәртебесі нығайтылды. Еліміздің Президенті қаржы полициясы қызметкерлерінің Антын, ресми белгілерін — Ту мен рәмізін бекітті.

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары заңда белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел-іздістіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономикалық және қаржылық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын құқық қорғау органы болып табылады.

Қаржы полициясы органдарының міндеттері мыналар:

1) өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) экономикалық қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау жолын кесу, ашу және тергеу;

3) экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес ісінде мемлекеттік және құқықтық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру. рган құруға, оның мәртебесі мен өкілеттігін айқындауға хақылы.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында қаржы полициясы органдарының алдына сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиялық жобасын әзірлеу тапсырмасы қойылды. Сонымен қатар, қаржылық және салықтық қылмыстарды бұдан ары қылмыстық сипаттан арылту арқылы кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау бойынша жұмысты жалғастыру тапсырылған болатын. Онда:

«Жаңғыртудың ең маңызды мәселелерінің бірі - сыбайлас жемқорлықпен кесімді күрес.

Біздің бұл бағыттағы іс-әрекеттеріміз мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық деңгейін едәуір төмендетті. Мұны халық-аралық сарапшылар атап айтуда.

Алайда бізге сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын жасау қажет.

Парақорларды анықтау және сотқа тарту жеткіліксіз.

Жаңа құқықтық тетіктерді, ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалану, жұртшылықты жемқорлық тәртіп бұзушылықты ескерту мен алдын алуға кеңінен тарту керек.

Басқа елдердің тәжірибесін зерттеп, пайдалану қажет. Мемлекеттік қызметшілердің кірістерін ғана емес, шығыстарын да мағ-лұмдауға көшу қажет.

Осы мәселе бойынша заң қабылдау керек».

Сонымен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудағы негізгі міндеті - сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, қоғамның тұрақтылығына аса қауіп төндіретін жүйелі жемқорлық фактілерін анықтау мен жолын кесу.

ҚР Президентінің 2003 ж. 3 желтоқсандағы Жарлығымен ҚР Қаржы полициясы агенттігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды. ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 қаңтардағы қаулысымен агенттік туралы ереже бекітілді. Ережеге сәйкес агенттік ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте экономика, қаржы және сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтарының алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу бойынша салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асырған орталық атқарушы орган болып табылды. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болды: өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттік заңды құқықтары мен мүдделерін

қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық қылмыстарының, экономика және қаржы қызметі саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу; экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; экономикалық және қаржылық қылмысқа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындау; өз құзіретінің мәселелері бойынша жалпы республикалық және аймақтық жедел-ізвестіру мен алдын алу іс-шараларын үйлестіру және жүргізу; қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру. ҚР Қаржы полициясы агенттігінің аумақтық және мамандандырылған органдары-мемлекеттік мекемелері ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) аумақтық және мамандандырылған органдары- мемлекеттік мекемелері болып қайта құрылды. ҚР Үкіметінің 2004 ж. 29 маусымдағы қаулысымен агенттіктің Көліктегі экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа күрес жөніндегі департаменті (қаржы полициясы) мемлекеттік мекемесі таратылды. ҚР Президентінің 2005 ж. 25 ақпандағы Жарлығымен агенттік ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есепті мемлекеттік орган болып қайта құрылды. ҚР Президентінің 2005 ж. 21 сәуірдегі Жарлығымен агенттік туралы жаңа ереже және оның құрылымы бекітілді. Агенттік ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында басшылықты, сондай-ақ заңнамамен көзделген шекте экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу бойынша салааралық үйлестіруді әрі өзге де арнайы атқарушы және рұқсат етуші функцияларды жүзеге асырушы ҚР мемлекеттік органы болып табылады. Агенттіктің негізгі міндеттері: өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық, экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу; сыбайлас жемқорлық пен экономика саласындағы қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру. Агенттіктің құрылымы: басшылық; ұйымдастыру-бақылау департаменті — инспекция; ақпараттық-талдау департаменті; экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу департаменті; арнайы департамент; сыбайлас жемқорлық туралы істерді ашу және оның алдын алу департаменті; тергеу департаменті; құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті; ішкі

қауіпсіздік басқармасы; кадрлар басқармасы; құпиялылықты қамтамасыз ету және құжат айналымы басқармасы; қаржы-шаруашылық басқармасы.

Қаржы полициясы агенттігі бүгінгі таңда Қазақстан Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу өкілеттігі берілген бірден-бір орган.

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдралиев А.Б.</b> Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықты алдын алудың құқықтық жағдайы.....	
<b>Амангелдиев А.Т.</b> Коррупция как угроза национальной безопасности Казахстана.....	
<b>Ахмет Д.Ә.</b> Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парызымыз.....	
<b>Ашимова А.</b> Опыт борьбы с коррупцией в некоторых странах мира.....	
<b>Әбдіқадыр Е.Е.</b> Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлықпен күресуді ахуалы.....	
<b>Базарбаев А.</b> Опыт борьбы с коррупцией в Финляндии.....	
<b>Баяуов А.Б.</b> Коррупционное сознание в Республике Казахстан разъедает национальную безопасность государства.....	
<b>Болатбекқызы Ә.</b> Шет елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің шаралары.....	
<b>Гинаятов С.</b> Особенности борьбы с коррупцией в Японии и Республике Корея.....	
<b>Дядчук К.О.</b> Повышение эффективности противодействия коррупции.....	
<b>Жаксылыков Б.Н.</b> Методы борьбы с коррупцией в Республике Казахстан: проблемы и перспективы.....	
<b>Жамашов Е.</b> Пара алудың субъектісі.....	
<b>Жахман А.С.</b> Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері.....	
<b>Иманбаева А.Б.</b> Проблемы предупреждения коррупционных правонарушений.....	
<b>Испенбетова Л.А.</b> Коррупция в Казахстане: методы борьбы и пути решения проблемы.....	
<b>Кушекова Ж.У.</b> Сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес мәселелері.....	
<b>Қашым Д.Ж.</b> Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі шетел мемлекеттердің тәжірибесі.....	
<b>Мырзагереева А.Н.</b> Жемқорлық ғасыр дерті.....	
<b>Надир К.К.</b> Коррупция как форма теневой экономики.....	
<b>Нурлин А.К., Сабырбаев С.А.</b> Актуальные проблемы борьбы с коррупцией на современном этапе независимости Республики Казахстан.....	
<b>Омарова М.С.</b> Сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылық.....	
<b>Саламатов Ш.</b> Парақорлық қылмысының жауаптылық мәселелері.....	
<b>Серікбаев А.</b> Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресті жетілдіру шаралары.....	
<b>Серікқалиқызы А.</b> Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес органдары.....	
<b>Сыпабек Ф.</b> Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу.....	
<b>Таргинова К.А.</b> Понятие и признаки коррупционных преступлений.....	
<b>Тобажанов Х.Е.</b> Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы мен оның алдын алу шаралары.....	

**Турганов А.А.** Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайлар.....

**Тұңғатар Г.А.** Сыбайлас жемқорлықпен күресудің халықаралық құқықта шетел мемлекеттерінде және Қазақстандағы тәжірибесі.....